



## ХАФИЗ САРСЕКЕЕВДИН ЖАЗУУЛАРЫ

Бул макалалар акыркы жылдары Казакстандын мамлекеттик мекемелери тарабынан кирилл алфавитинде басылган гезит тексттеринин басылмаларына негизделген.

Эти статьи приводятся по изданиям текстов газет с транслитерацией на кириллицу выпущенными в последние годы в Казахстане государственными институтами.

2013 “КАЗАК”

### Зайсан

Мұнда «Мектеп Қазақие», «Мектеп Ғазатие» деп аталған екі мектеп бар. Бірінші мектептің «Мектеп Қазақие» деген атынан-ақ қазақтар салдырған екені белгілі. Мұның салынып, усул жәдид ретінше қазақ балаларының оқи бастағанына төрт-бес жыл болды. Жас балалардың аз уақытта бірсыпыра ғылым үйренгендіктеріне халық аса разы, көңілді.

Зайсандағы ғейратты, қайырымды қазақ байлары мектеп салдырып тұрған қазақтарды қуантқандарымен ғана қоймай, бүтін Зайсан уезіне қараған қазақтардың аз да болса оқудың керек екендігіне қанық боларына себеп болды.

Сондықтан араның керіктігіне қарамай бейнет-расходқа шыдап, қырдан келіп оқушы шәкірттер де бар. Жылдан-жыл оқушылардың саны көбейіп, оқуға ықылас күшейіп барады. Өткен 1911 – 1912-нші жылдарда 80 шамалы ғана бала оқыған еді, биыл 110 бала оқиды.

Қыр балалары пұлдары таусылып үйлеріне ерте қайтып кетіп еді. Сондықтан қалған 70 бала емтихан берді. Емтихан 27-нші апрелде басталып, 5-нші майда бітті.

Емтиханға жиылған көп балалардың ижтихадына, байлардың қайырымына, мұғалімдердің оқытуына разы болып, сансыз тәңір жарылқасындар айтысты.

*Зайсанда мұғалім*

*Хафиз Сәрсекеев*

2013 “КАЗАК”

Сентябр

### Зайсан

Көшкен елмен Алтай тауына шыққанымда мұжықтардың қазаққа қылып отырған зорлықтарының шет жағасын көрдім.

Қара Ертіс елінің болысы Ахмеди Саржан- ұғлының ауылдары жайлаудан қайтып келе жатып Балақалжыр деген жердегі мұжық қаласының жанына қонды. Ауылдың келіп түскені-ақ сол еді, әлгі қаланың мұжықтары «8 атымыз жоғалып еді, ізі осында келді» деп сап ете түсті. «Атымызды тап, болмаса ізімізді шығарып бер» деп отырып алды. Қазақ пен мұжық барып ізді қараса із ескі, мұжық жаңа келген із деп бой бермейді. Сөйтіп тұрғанда мұжықтар жабыла атқа мініп, қалың халыққа жөнелісті. Барысымен шетте жатқан Іштікбай дегеннің бір айғырының үйірін айдай жөнелді. Іштікбай жылқысының соңынан шапқанда мұжықтар сол арада жұрттың көзінше мылтықпен басып салды, Іштікбай опат болды. Бұл іс туралы қаладан судиа мен доктор келіп өлген кісіні сойып, дознание қылып кетті. Іштікбайды өлтірген мұжықты абақтыға жапқан жоқ, кепілге берді.

Мұжықтардың түрі жаман болған соң қазақ өте қорқады. «Ақпыз, бізге не қылады» – деп отыра алмайды. Бұл жақта мұжықтың малы жоғалса болыстар қазақтың қолынан тауып беруге подписка алады екен. Бұлай етпей амал да жоқ: малдан бас қымбат қой.

*Мұғалім Хафиз Сәрсекеев*

2013 “КАЗАК”

Октябрь

### Зайсан

<p>Төрт-бес жылдан бері жаңа тәртіппен балалар оқып келе жатқан Зайсандағы «Мектеп Қазақи»-ге биыл 2-нші сентабрден бастап балалар жазылып кіре бастады, 7-нші сентабрде оқуға кірісті. Октабрдің біріне шейін 85 бала кірді. Былтырғыға қарағанда дала қазағынан көбірек келді, әсіресе Қара Ертіс елінен. Бұл мектептің жайын, жабдығын қарастыратын бірнеше байлар болса да, аса көңілдісі Пидрахмет Бобкин менен мектептің попешителі Сүлеймен Мергенбаев. Мұнда бір тағдыри, төрт ибтидаи, бір рашиди сыныптары бар.</p> <p style="text-align: center;"><i>Мұғалім Хафиз Сәрсекеев</i></p>
<p>1914 “КАЗАК” 2 февраля</p> <p style="text-align: center;"><b>Зайсан</b></p> <p>Гинуардың 27-нде Зайсандағы «Мектеп Қазақи» мен «Мектеп Ғизатие» мұғалім-дерін пристав шақырып осы нәрселерді сұрады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Мүфтиден алған куәліктерің бар ма?</li> <li>2) Мектептеріңде неше түрлі білімдер оқытасыздар?</li> <li>3) Оқытқан кітаптарың кімнің шығар-ға-ны, қай шаһарда, қай баспаханада, қай жылда басылғандар?</li> </ol> <p>Бұл сұрауларға тиісті жауаптар алған соң, Семей губернаторының бұйрығымен сұ-ра-ғандығын білгізді.</p> <p style="text-align: center;"><i>Мұғалім Хафиз Сәрсекеев</i></p>
<p>1914 “КАЗАК”</p> <p style="text-align: center;"><b>Зайсан</b></p> <p>«Мектеп Қазақи»-де 26-ншы апрелде емтихан басталып, 2-нші майда бітті. Биыл оқимын деп мектепке жазылған балалардың саны 124, осыдан 80 бала емтихан берді. Қырдан келген 35 баланың 20-сы ғана емтиханға кірді. Былтыр қырдан келген бала 20 болып, соның 10-ы емтиханға кіріп еді. Қырдан келуші балалар көп болса да, мектеп тығыз болғандықтан кіре алмағандар да аз емес.</p> <p style="text-align: center;"><i>Мұғалім Хафиз Сәрсекеев</i></p>
<p>1914 “КАЗАК”</p> <p style="text-align: center;"><b>Зайсан</b></p> <p>Өткен майдың 19-нда Қытайға қараған жүз мың үй керей-найманға «Керейдің Жәкесі, кедейдің әкесі» атанған білгір, шешен, адал Жәке әмбі Қойтан баласы 83 жасында опат болды. Балалары марқұмның жаназасы күні азында екі мың сомдық нәрсе, мал һәм қытай күмістерін таратты. Өзінің өсиеті бойынша әлгі сомадан 100 сом Түркияның фылот (ғаскер кемесі) пайдасына жіберілді. Зайсан қаласындағы екі мешіт һәм мектептерге бір-бір аттан берді. Өз мақсұтындағы сегіз мешіттің біріне жамбы (орыс ақшасына шаққанда 80 сом), біріне түйе, біріне аттан лайықтап үлестірді. Қалғаны қазақ рәсімінше таратылды.</p> <p>Марқұмның көп тапсырып кеткен өсиеті: «Орынсыз ат шаптырып, ас беру секілді адасқан ғадетті тастап, мешіт-медресе секілді малын жұртқа пайдалы орынға жұмсау керек». Пайдалы іске басшылық қылған қадірлі әкелерінің сөзін жеріне жеткізіп, балалары ұлтқа пайдасы тиерлік орындарға жәрдем қылар деген үміт бар.</p> <p style="text-align: center;"><i>Мұғалім Хафиз Сәрсекеев</i></p>
<p>Сары Арка №17, 19 октябрь, 1917 жыл</p> <p style="text-align: center;"><b>Уезный қазақ соттары</b></p> <p>Обласной Қазақ камитеті ұсынуы бойынша Қарқаралы, Зайсан-ның уезный соттарына камисариаттың бекіткен адамдары: Қарқаралы сотының председателі – Мұқыш Боштаев; мүшеле-рі – Сыздық Тұтқышев, Камал Жайсақов; кандидаттары – Мұхаммеди Оспанов, Оспанбек Әбдин һәм Айқожа Теміржанов; Зайсан сотының председателі – Базыкен Өскембаев; мүшелері – <b>Хафиз Сәрсекеев</b>, Бекмұхаммед Сатыбалдин; кандидат – Ыдырыс Мырзаханов.</p>
<p>Сары арқа.</p>

1918. №30-шы нөмір. 12 феврал

#### **Автономия алу қамы**

Зайсан үйезінен Орынборда болған жалпы қазақ-қырғыз сиезіне жіберілген өкіл Ахмет мырза ғинуардың 8-інде «Мектеп Қазақия» да баяндамасында жалпы қазақ-қырғыз сиезі туралы «Сарыарқа» сөзінен басқалығы жоқ. Тыңдаған жұрт автономияны биік көрмесе де, қор құлдық жағын уайым қылып, қайғырысқаны сезілді. Жауласып алатын автономия еместігін, осы күнгі халық комиссарларының хукіметі әр жұрттың тізгіні өзінде, жеке мемлекет болғысы келсе де ерікті деп жарлық шашқанын жұрт құлақтанбай отыр. 10 болыстың өкілдерін шақырып, автономия, оның берік таянышы халықтың бірлік-берекесі ақша жинау туралы сиезд жасау тиіс көрілді. Жас байларымыз, ер жүректі азаматтарымыз ат шаптырып шақыртуды мойындарына алды. Шақырылған күнде жиылса ғинуардың аяқ кезінде сиез ашылмақ. Көкпекті маңайында 7 болысты қалайша хабарландыру сиезде 413 қаралмақ. Сиезд ұнатса Ахмет мырза өзінің ол жаққа барып, автономия жайына жұртты ұғындырып қайтуға дайындығын білдірді. Алаш партиясының бір бұтағын ашуды мақұл көріп, «Алаш ұраны» деген ұйым жасалды. Ақылшы мүшелері - жиырма. Қырдан да кіруге жол ашық. Іс басқаруға уақытша президиум сайланды.

*Хафиз Сәрсекей*

Сарыарқа.

1918. №40-шы нөмір. 25 апрель

#### **ӘДЕБИЕТ КЕШТЕРІ**

«Қазақ жәрдемі» ұйымы атынан ашылайын деп тұрған қирағатхана пайдасына Зайсанда 22 мартта қазақша әдебиет кеші жасалды. Бірінші жасалған кеш екендігінен бе, аса рухты өтті. Кештік нағыз пайдасы – 1600 сом, шығыны 400 сомдай болса керек. Кештің жасалуына басшылық еткен Бибіғайша бикеш Бобкинаға ойынға қатысушылар атынан тәңір жарылқасын дейміз.

*Хафиз Сәрсекей*

1918 нші жыл сентябр мен, декабрде, 1919 ншы жылы январда төменгі өкілдерге «Сары Арқа» газетінің басқармасынан жіберілген квитанса дәптерлері.

Уәкілдердің әдірісі нәм аты нешеу? Нешінші қағаздық

Карқаралыда:

Шоқабай баласына - 1 - 50

Тоқтарбек баласына - 1 - 50

Ақбай баласына 2 - 100

Теміршы болысында:

Орңқай баласына - 1 122 50

Бабыр баласына 2 15-17 100

Паулодарда Барлыбай баласына - 8 - 400

Баян-ауылда Жүсіпбек ақсақалға - 20 - 850

Зайсанда

Жомартбай баласына - 1 - 50

Жабай баласына - 1 - 50

Сәрсеке баласына - 1 - 50

Теріс-арық болысында Құрбан қажы

баласына - 1 13 50

Өкпекті болысында Көшік баласына - 1- 17- 50

Нарын болысында Сәрсен баласына - 1- 18 - 50

Шілік болысында Ботбай баласына - 1 - 19 - 50

Маңырақ болысында Шідері баласына - 1 - 25 - 50

Хабар-асу болысында Нұғыманға - 1 - 26 - 50

Базар болысында Үкібай баласына - 1 - 30 - 50

Өсткеменде Елбосын баласына - 1 - 11 - 50

Күлен баласына -

Ұлан болысында Жәкен баласына - 5 20-29 250

Ғалихан баласына - 2 - 28-29 - 100

Шыңғыстай болысында

Ережеп баласына - 3 31-33 150

Қалба болысында

Қайрамбай баласына - 2 - 88-89 - 100

«АҚ ЖОЛ», № 404 Жұма, 15 февраль, 1924 жыл

#### Шақырулар

28) «Ақжолдың» 281-санында Есмақан Төлегенұлының шақыруын қабыл алып, Шиеліде Ғайыпназарұлына жіберіп тұруы үшін бір черевонец төлеп, бір газетке жазылып, төмендегі жолдастарды да жазылуға шақырамыз:

1) Бәдібай Құлекеұлы, 2) Бірмағанбет Әбекенұлы, 3) Абдолла Жүсіпназарұлы, 4) Абдолла Нұржанұлы, 5) Балабай Елеукенұлы, 6) Асқар Бекқожаұлы, 7) Асан Оспанұлы, 8) Сейтқали Есқараұлы Бұл жолдастар бәрі де Ақмешіттен. Бұл жолдастар менен асырмаса, кемге жазылмауына сенемін.

Шақыруды қабыл алғандар:

«Ақжолдың» 383-санында Мәдияр жолдастың шақыруын қабыл алып, жазылушы тауып, ақшасымен әдіресін басқармаға жібергендер:

- Нұрғали Карленко Темірден.
- Білал Мәдібайұлы Көкшетаудан.
- Уәлихан Омарұлы Керекуден.
- Хаиз Сәрсекейұлы Семейден.

Бұл жолдастар әр қайсысы 25-тен жазылушы тауып, мұнымен ғана тұрмай, бұдан былай да жазылушы табу әрекетінде болуға уәде береді. Жазылудың уақыты толған соң да ескертіп, жаңалап тұрар деп үміттенеміз.

*Басқарма*

«АҚ ЖОЛ», № 436 Жексенбі, 18 май, 1924 жыл

#### ШАҚЫРУЛАР

38) «Ақ жол» газетінің 409-санында Уәлихан Омарұлы «Ақ жолға» көмектік қызметін істеуге шақырған екен. Мен ол шақыруды ықыласпен қабыл алып, өзім жазылып және 25 жазылушы тауып, ақшасымен басқармаға жіберіп отырмын.

Мен өзім көмектескенім мен ғана қарап тұрмай, өзімнің осы құшақтасқан жан жолдастарымды да «Ақ жол» газетіне өздері жазылып хәм жазылушылар тауып қолдарынан келгенше көмектесуге шақырамын:

- Ғарип Мусин (Зайсаннан),
- Хұсайын Жүнісов,
- Хафиз Сәрсекеев,
- Әбдікәрім Режепұлы (Бұқтырма),
- Ділдажаншы Жареев,
- Жұмат Шанин (Семей),
- Манан Тұрғанбайұлы,
- Абзал Жиенғалиұлы,
- Шәкір Қоқымбайұлы,
- Орынбек Бекұлы.

Бұл жолдастар қазақтың жұрт болып, мәдениет жолында, әлеуметшілік қатарына қосылуына шын тілектес азамат болғандықтарынан, менің шақыруымды қабыл алып, менен де асырып, көмек көрсетулеріне шын сенемін.

Шақырушы Ғайса Тоқтарбекұлы

Басқарма. Ғайса жолдастың жіберген 25 адресі басқармаға келді. Жоғарыда аттары аталған жолдастар ішінде Хафиз Сәрсекейұлы мен Манан Тұрғанбайұлы – бұрыннан «Ақ жолға» көмектесу жолында жүрген азаматтар еді. Солар қатарында шақырылып отырған жолдастар құрбы-замандастарынан кейін қалмауларына сенеміз